



2024-2025 оқу жылы

Жоспардың құрылу кезеңі: қыркүйек айы 2024 жыл

Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Сөйлеуді дамыту	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Ана тіліндегі дауысты және айтылуы және дыбысталуы ұқсас дауыссыз б-п, г-ғ к-қ, ж-ш дыбыстарды дұрыс, анық айтуды үйрету. Фонематикалық естуді дамыту, сөздегі дыбыстардың орнын анықтау (басы, ортасы, соңы). Артикуляциялық жаттығулар жасау Сөздік қор. Балалардың сөздік қорын тұрмыстық заттарды білдіретін зат есімдермен, заттардың қасиеттері мен сапасын сипаттайтын адамдардың қарым-қатынасын, олардың еңбекке қатынасын білдіретін үстеулермен байыту. Тілдің грамматикалық құрылымы. Сөйлемдердегі сөздерді: зат есімдерді сан есімдермен үйлестіре білуді жетілдіру. Байланыстырып сөйлеу. Айналасындағылармен өздігінен диалогті бастауға ынталандыру, әңгімелесушіні мұқият тыңдап, сұрақтарды дұрыс қоюға баулу, әңгімелесу кезінде өзін мәдениетті ұстау, әдепті және сабырлы болу. Шығармашылықпен сөйлеу әрекеті. Шығармашылықпен әңгімелеп беруді жетілдіру, әңгіме, жеке пікір білдіруге баулу
Көркем әдебиет	Көркем әдебиет. Балаларды қол жетімді көркем шығармалар мен фольклорға, театр әлеміне баулу, кітапқа деген қызығушылығын дамыту. Шығарма мазмұнын сюжеттің бірізділігін сақтай отырып, эмоциямен, қисынды қайталап айтып беру, кейіпкерлерге және олардың әрекеттеріне өз көзқарасын білдіру. Әдеби шығармаларды эмоционалды қабылдауына ықпал ету, олардың мазмұнын түсіну, себеп-салдарлық байланыстарды, жанрларды (ертегі, әңгіме, өлең) ажырату, тілдің көркемдігін сезіну (эпитеттер, сипаттамалар, образды сөздер), шығарма кейіпкерлерінің іс-әрекетін бағалау. Шығарма мазмұнын сюжеттің бірізділігін сақтай отырып, эмоциямен, қисынды қайталап айтып беру, диалогтік сөйлеуді дамыту, кейіпкерлерге және олардың әрекеттеріне өз көзқарасын білдіру. Әдеби кейіпкердің белгілі бір әрекетін өзінің қалай қабылдағаны туралы айту, кейіпкерлердің жасырын әрекетін түсіну.
Сауат ашу негіздері	Сауат ашу негіздері. Әрбір сөздің мағынасы болатыны туралы түсінік қалыптастыру, сөздің мағынасына қызығушылыққа баулу. Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау. Буын туралы ұғымдарды қалыптастыру, сөздерді буындарға бөлу, олардың саны мен ретін анықтау. Буындардан сөздер құрастыруға (ауызша) үйрету. Геометриялық фигуралардың суреттерінің сыртын шетке шығармай бояу. Жеміс -жидектердің дайын суреттерінің сыртын шетке шығармай бастыру. Тігінен, көлденең, қысқа, ұзын, толқынды, ирек сызықтарды арақашықтықты сақтап, алдымен үлгі бойынша және кейіннен өз бетінше жазуға мүмкіндік беру, Жазуды көзбен қадағалай отырып, қаламды немесе қарындашты дұрыс, еркін ұстап, үстінен қатты қысып күш түсірмей, саусақтармен біркелкі жоғарыдан төменге, солдан оңға қимылдарды орындап, сызықтарды үзбей салу. Жазуды көзбен қадағалай отырып, қаламды немесе қарындашты дұрыс, еркін ұстап, үстінен қатты қысып күш түсірмей, саусақтармен біркелкі жоғарыдан төменге,

	солдан оңға қимылдарды орындап, сызықтарды үзбей салу Эртүрлі бағыттағы тігінен, көлденең, қысқа, ұзын, , нүктелерді, тамшы тәрізді пішіндерді олардың арасындағы арақашықтықты сақтап, алдымен үлгі бойынша және кейіннен өз бетінше жазуға мүмкіндік беру.
Математика негіздері	Жиын: Жиынды сапасы бойынша эртүрлі элементтерден (түсі, өлшемі, пішіні, дыбысы, қимылы, қолданылуы бойынша заттардан) құру, жиындарды бөліктерге бөлу және оларды қайта біріктіру, бүтін жиын мен оның әр бөлігі арасында байланыс орнату, жиынның бөліктен үлкен екенін, бөліктің жиыннан кіші екенін, жиынның бөліктерін санау және элементтердің (заттардың) бір-біріне қатынасы негізінде салыстыру. «Бір» сөзінің мағынасы, ол тек бір затты ғана емес, сондай-ақ жиынның бір бөлігі ретінде заттардың тобын білдіретінін түсіндіру. Сан және санау. сандарды тура және кері санауға жаттықтыру. Көрнекілік арқылы 6, 7 сандарының пайда болуымен, 0 ден 7 дейінгі цифрмен таныстыру. «Қанша?», «Нешінші?» сұрақтарын ажырату, оларға дұрыс жауап беру. Шама. Заттардың (5 және одан артық) ұзындығын, биіктігін, ені мен жуандығын анықтай білу. Геометриялық фигуралар. Шеңбермен және тіктөртбұрышпен салыстыру арқылы сопақша пішінмен таныстыру. Уақытты бағдарлау. Эртүрлі оқиғалардың, апта күндерінің Кеңістік туралы түсініктерді бекіту: заттарды кеңістікте орналастыру (сол жақта, оң жақта, жоғарыда, төменде); Эртүрлі оқиғалардың, апта күндерінің, тәулік бөліктерінің реті туралы білімді бекіту, логикалық ойлауды дамыту саны кем затқа бір зат қосу арқылы теңсіздіктен теңдік немесе саны көп заттан біреуін алып тастау арқылы теңдіктен теңсіздік шығару.
Қоршаған ортамен таныстыру	Бала ,оның отбасы,үйі Өзінің жасына сәйкес өмірінде болатын өзгерістерді, балабақшаға баруы, мектепке баруы, ересек азамат болып ержетуі мен еңбек етуі, болашақта табысты болуы үшін білімнің қажеттігін түсінуіне, Заттық әлем, кеңістікті бағдарлау Заттар, олардың белгілерін нақтылау Көлік, байланыс құралдары. Арнайы көлік құралдарының түрлерін және қолданылуын білу. Еңбекке баулу. Эртүрлі мамандықтар, балабақша қызметкерлерінің еңбегі туралы түсініктерін кеңейту, еңбектің мазмұны, сипаты және нәтижесінің маңызын, түсіну және бағалау. Адамгершілік және патриоттық тәрбие. Балаларды адамгершілік құндылықтарға, өз іс-әрекеттері мен басқа адамдардың іс-әрекеттерін бағалай білуге, өзінің іс-әрекетіне басқалар пікірін білдірген жағдайда ол пікірді дұрыс қабылдауға, өз ісіне адал болуға баулу. Жол қозғалысы ережелері. Жолда қауіпсіздік ережелерін сақтау. Жол белгілерін (жүру бөлігі, жаяу жүргіншілер өткеліне арналған жол) білу, бағдаршамның белгілеріне сәйкес жолдан өту. Табиғатпен таныстыру Тірі және өлі табиғат құбылыстары туралы, жыл мезгілдерін ажырату және атау білімдерін кеңейту. Өсімдіктер әлемі. Туған өлкенің өсімдіктері (ағаштар, бұталар, гүлдер, шөпті өсімдіктер, жеміс жидектер,) туралы түсініктерін кеңейту, «орман», «шалғын» және «бақша» ұғымдарымен таныстыру. Жануарлар әлемі. Қазақстан аумағын мекендейтін жануарлар мен олардың гөлдерін атау және олардың өздеріне тән белгілері бойынша ажырату. Бақылау арқылы төрт түліктің пайдасын білу, оларды күтіп-баптау, жылдың әр мезгілінде олардың сыртқы түрі мен тіршілік ету ерекшеліктерін сипаттау,

Құрастыру	Құрастыру. Құрылыс материалдарынан, конструктор бөлшектерінен құрастыру: ауызша сипаттау бойынша ұсынылған тақырыпқа, өз бетінше ойдан құрастыруға, құрдастарымен бірлесіп, шығармашылықпен құрастыруға баулу. Өзінің құрастырған құрылысын талдау арқылы тиімді конструктивті шешімдерді табу, оларды құрастыруда қолдану. Дербестікті, шығармашылықты, бастаманы қолдау. Ұжыммен сюжетті құрастыруға баулу. Қағаздан құрастыру. Қағаз цилиндрлерден қазақ халқының ұлттық бас киімдерін (тақия, сәукеле) және ыдыстарын құрастыру, оларды жіппен, ою-өрнектермен безендіру. Пішіндердің түрлі қалыптарын бере білуді, оларды күрделі емес композицияларға біріктіруді қалыптастыру. Өзінің құрастырған құрылысын талдау арқылы тиімді конструктивті шешімдерді табу, оларды құрастыруда қолдану. Дербестікті, шығармашылықты, бастаманы қолдау
Сурет салу	Заттардың, ертегі кейіпкерлерінің бейнесін өзіне тән ерекшеліктерімен салу. Парақта кеңістіктегі заттардың қалпын беру, заттардың жазықтықта әртүрлі орналасуы мүмкін екендігін түсіндіру (тұрады, жатады және қалпын өзгерте алады), тірі табиғат заттарының бейнелерін күрделі емес қимылдар мен қалыптар арқылы беру (өсімдіктер, жануарлар, құстар). Бояулармен жұмыс жасауды жетілдіру (бояғышта акварельді сумен араластыру, қажетті түсті алу), қанық түстер алу үшін қарындашты түрліше басып бояу, бейнелеу, түсті қанық беру үшін қағаздың фонын таңдау және бояуларды үйлестіру, өз жұмысының нәтижелерін бағалау.
Мүсіндеу	Сазбалшық, ермексаз және пластикалық массадан мүсіндеудің ерекшеліктерін білу. Шынайы бейнесіне қарап және ойдан пішіндері мен өлшемі әртүрлі таныс заттарды: көгөністерді, жемістерді, ыдыстарды мүсіндеу оларға тән ерекшеліктерді беру, қолдың және саусақтардың қимылдарын жетілдіру.
Жапсыру	Қайшыны қолдануды бекіту: жолақтардан тікбұрышты пішіндер, шаршылардан үшбұрышты пішіндер, шаршы немесе тікбұрыштың бұрыштарын қию арқылы дөңгелек және сопақша пішіндерді қиып алу. Жапсырудың түрлі әдістері (симметриялы, сыңарлы симметриялы, сұлбалы) мен тәсілдерін (тура, қисық қию, ою, флористика элементтерін) қолдану. Қайшы мен желімді дұрыс қолдану дағдыларын жетілдіру, еңбек қауіпсіздігі мен жеке гигиена ережелерін сақтау.
Қазақ тілі	- Балаларды әңгімені жалғастырып айтуға үйрету -сурет бойынша сөйлем құрап әңгіме айту -мектепке не үшін баратынын әңгімелеп айтып беру -мамандық иелерін құрметтеуге баулу - Өлеңді дауыс ырғағымен мәнерлей оқи отырып, логикалық екпінмен үзілістермен жаттауға үйрету - Сұрақтарға толық жауап беруге дағдыландыру арқылы ауызекі сөйлеулерін дамыту.Ойыншықтарды бөлісіп, ұжыммен ойнауға тәрбиелеу - Балалардың күз белгілері жайлы білімдерін кеңейту, күз мезгілінің ерекшеліктері жайлы әңгімелесу -көкөністер туралы жұмбақ шешу, ойлау қабілеттерін арттыру
Музыка	- Музыка сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындау. Музыка сипатын анық ырғақты, ширақ жүріспен беру - Музыка сипатын ырғақты жүріспен, музыканың ширақ сипатын жеңіл, ырғақты жүгіріспен беру - Әннің сипатын қабылдау, дауысын дұрыс келтіріп орындау - Ұлттық домбырада орындалатын күй жанрымен таныстыру - . Әуеннің би сипатын сезіну, би қимылдарының элементтерін орындау. - Әннің сипатын қабылдау, дауысын дұрыс келтіріп орындау, ырғақтық бейнесі мен

	динамикасын дәл беру
Дене шынықтыру	-Көзбен бағдарлай отырып, ауызша нұсқаулармен ойын түріндегі жаттығуларды (жануарлардың қозғалысына еліктеу) педагогпен бірге орындауға үйрету. Спорттық құрал-жабдықтардың қажеттілігін, зал ішінде қауіпсіздік техникасын сақтау керектігін, заттарды аттағанда тепе-теңдік сақтау қажеттігін - тізбекпен қалай жүру керектігін, екі аяқпен қалай секіру керектігін, секіру кезінде қолымен қандай көмек жасауға болатындығын үйрету - таза ауа ағзаны күшейтеді, алаңда қимыл жаттығуларын орындау кезінде қауіпсіздік ережелерін қатаң сақтау керектігі, баяу жүгіргенде аяқ басына басып, қысқа қадамдар жасау керектігін үйрету

Жоспардың құрылу кезеңі: қазан айы 2024 жыл

Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Сөйлеуді дамыту	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Ана тіліндегі дауысты және айтылуы және дыбысталуы ұқсас дауыссыз (г-ғ) дыбыстарды дұрыс, анық айтуды үйрету. Фонематикалық естуді дамыту, сөздегі дыбыстардың орнын анықтау (басы). Сөздік қор. Сөйлегенде көп мағыналы сөздерді, синонимдер мен антонимдерді қолдану, белгілі бір затқа белгілерді, әрекеттерді және берілген әрекетке заттарды тандай білу. Тілдің грамматикалық құрылымы. Сөйлемдердегі сөздерді: сын есімдерді зат есімдермен үйлестіре білуді жетілдіру. Байланыстырып сөйлеу. Айналасындағылармен өздігінен диалогті бастауға ынталандыру, әңгімелесушіні мұқият тыңдап, сұрақтарды дұрыс қоюға және қойылған сұрақтарға қысқаша немесе толық жауап беруге баулу, әңгімелесу кезінде өзін мәдениетті ұстау, әдепті және сабырлы болу. Шығармашылықпен сөйлеу әрекеті. Шығармашылықпен әңгімелеп беруді жетілдіру: ересектердің көмегімен әңгіменің жалғасын және соңын ойдан шығару
Көркем әдебиет	Көркем әдебиет. Әдеби шығармаларды эмоционалды қабылдауына ықпал ету, олардың мазмұнын түсіну, себеп-салдарлық байланыстарды, жанрларды (ертегі, әңгіме, өлең) ажырату, тілдің көркемдігін сезіну (эпитеттер, сипаттамалар, образды сөздер), шығарма кейіпкерлерінің іс-әрекетін бағалау.
Сауат ашу негіздері	Сауат ашу негіздері. Әрбір сөздің мағынасы болатыны туралы түсінік қалыптастыру, сөздің мағынасына қызығушылыққа баулу. Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау.
Математика негіздері	Жиын: жиындарды бөліктерге бөлу және оларды қайта біріктіру, бүтін жиын мен оның әр бөлігі арасында байланыс орнату, Сан және санау. Көрнекілік арқылы 6, 7, 8, 9, 10 сандарының пайда болуымен, Шама. заттарды шамасына қарай өсу және кему ретімен орналастыру. Геометриялық фигуралар. Геометриялық фигуралар дөңгелек, сопақша, денелерді дұрыс атау. Кеңістік туралы түсініктерді бекіту: қозғалыс бағыттары: сол жақтан оң жаққа, оң жақтан сол жаққа Уақытты бағдарлау. тәулік бөліктерінің реті туралы білімді бекіту.
Қоршаған ортамен таныстыру	Бала, оның отбасы, үйі. Үйде отбасы мүшелеріне қамқорлық жасау, үлкендерді сыйлау, кішіге ізет көрсету, үй шаруасына көмектесу, отбасы мүшелеріне жақсы көретінін білдіру, алғыс айту, сыпайы сөйлеу. Заттық әлем, кеңістікті бағдарлау. бейтаныс заттардың қолданылуын түсіну. Көлік, байланыс құралдары. белгілі бір жұмыс түрін орындау үшін олардың жабдықталуын түсіну, Еңбекке баулу. Ата-ана еңбегін түсіну, адамдардың еңбектеріндегі өзара байланыстарды байқау. Еңбек ардагерлерін, қарттарды құрметтеу, үлкенді сыйлау, олардың еңбегін бағалау. Адамгершілік және патриоттық тәрбие. еңбек етуде, шығармашылық әрекеттерде нәтижеге жетуге ұмтылуға, сеніп тапсырған тапсырмаларды жауапкершілікпен орындауға, айналасындағыларға әрқашан әділ болуға, оларға қолдау көрсетуге, көмек

	беруге, жалған сөйлемге баулу. Жол қозғалысы ережелері. Жол белгілерін (тротуар, велосипедке арналған жол) білу. Жол қозғалысының қарапайым ережелерін сақтау. Табиғатпен таныстыру «Өлі табиғат» ұғымымен таныстыру (су, ауа, мұз сүңгілері, күн, бұлт, қар, тастар, жел, жаңбыр); Өсімдіктер әлемі. Өсімдіктердің тірі тіршілік иесі екендігін бақылау және себеп-салдарлық байланыстарды ажырату: . Жануарлар әлемі. Бақылау арқылы төрт түліктің пайдасын білу, оларды күтіп-баптау, жылдың әр мезгілінде олардың сыртқы түрі мен тіршілік ету ерекшеліктерін сипаттау,
Құрастыру	Құрастыру. Құрылыс материалдарынан, конструктор бөлшектерінен құрастыру: ауызша сипаттау бойынша ұсынылған тақырыпқа, өз бетінше ойдан құрастыруға, құрдастарымен бірлесіп, шығармашылықпен құрастыруға баулу. Қазақ халқының табиғи материалдардан жасалған бұйымдарымен, киіз үйдің жасауларымен, тұрмыстық заттарымен, ыдыстарымен таныстыру, олардың қандай материалдан жасалғанын зерттеу. Табиғи (ағаш, мақта, жүн, жіп, асық, қағаз, тері, кенеп, мата, дәннің түрлері) және қалдық заттардан құрастыруға баулу.
Сурет салу	Сурет салу. Заттардың пішіндеріне, бөліктердің салыстырмалы өлшеміне және олардың орналасуына сүйене отырып, түстер мен олардың реңктерін беру, негізгі пішінді, заттар мен олардың бөліктерінің пропорцияларын мәнерлеп жеткізе білу, түстерді өз қалауы бойынша таңдау. Қазақ ою-өрнектерінің сипатын, колоритін жеткізе отырып, көлемді пішіндерді бояу, парақтың ортасын, бұрыштарын, жоғарғы, төменгі, оң және сол жақтарын ажырату, тік сызықтардың әртүрлі үйлесуімен құрылған қазақ ою-өрнегінің элементтерін салу. . Қазақ халқының өмірін, еңбегін, тұрмысын көрсете отырып, қазақ ертегілерінің желісі бойынша сурет салу.Бояулармен жұмыс жасауды жетілдіру. өз жұмысының нәтижелерін бағалау.
Мүсіндеу	Қазақ халқының түрлі ыдыс-аяқтарын (қазан, астау, табак, тостаған, керсен, ожау, күбі торсық), тұрмыстық заттарын (керует, үстел, ер-тұрман, ошақ, кебеже, диірмен), зергерлік бұйымдарымен (білезік, сырға, сақина, тұмар, шашбау), туған өлкедегі мәдени мұра ескерткіштерімен таныстыру, аталған заттардан қалауы бойынша мүсіндеу және оларды ою-өрнектермен және қосымша заттармен (моншақ, дән) безендіру, жұмыс барысында әртүрлі пішінді кескіштерді қолдану, олардың бетіне бедерлер жасау. Бақылаған заттың бейнесін бере білу, затты әртүрлі қалыптарда мүсіндеу, пішіннің бетін дымқыл шүберекпен тегістеу және кескішті пайдалану.
Жапсыру	Қайшыны қолдануды бекіту: Қағаздан таныс немесе ойдан әртүрлі бейнелерді, қатпарланып бүктелген қағаздан бірдей бірнеше пішіндерді және екіге бүктелген қағаздан симметриялы пішіндегі заттарды қию. Жапсырудың түрлі әдістері (симметриялы, сыңарлы симметриялы, сұлбалы) мен тәсілдерін (тура, қисық қию, ою, флористика элементтерін) қолдану, түрлі материалдардан (қағаз, мата, табиғи материалдар) жапсыру. Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен (кілем, алаша, сырмақ, ши, көрпе, жастық), киіз үйдің жабдықтарымен (кереге, уық, шаңырақ, сықырлауық, басқұр) таныстыру, аталған заттардан қалауы бойынша қиып жапсыру, оларды ою-өрнектермен безендіру. Қайшы мен желімді дұрыс қолдану дағдыларын жетілдіру, еңбек қауіпсіздігі мен жеке гигиена ережелерін сақтау.
Қазақ тілі	- , көгөністердің қазақша атауларын дұрыс айтып, диалог құруға үйрету - жаңылтпашты жылдам әрі жатқа айта білуге үйрету. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. -2-3 сөйлеммен затты сипаттай білу дағдыларын дамыту. Диалогке қатысуға үйрету. - Сөздерді байланыстырып, сөйлемдер құрауды дағдыландыру. 2-3 сөйлеммен затты сипаттай білу дағдыларын дамыту
Музыка	- Әннің сипатын қабылдау, дауысын дұрыс келтіріп орындау, ырғақтық бейнесі мен динамикасын дәл беру

	- Музыкалық шығармаға өзінің қатынасын білдіру, оның мазмұны мен сипаты туралы пікірін айтуға үйрету. - Әннің сипатын қабылдау, дауысын дұрыс келтіріп орындау, ырғақтық бейнесі мен динамикасын дәл беру, әннің кіріспесін, басын, қайырмасын ажыратуға дамыту
Дене шынықтыру	- Жерде созылып жатқан арқан үстінде бір бүйірмен динамикалық тепе-теңдікті сақтап жүруге үйретуді жалғастыру. Бір қатарға қойылған заттар арасымен доптарды домалатып алып жүру дағдыларын бекіту - Екі жаққа тартылған жіптің астымен қолды еденге тигізбей бір бүйірмен өту шеберліктерін (машықтарын) жетілдіру. Допты бастан асыра ұстап, екі қолмен бір-біріне лақтыруға жаттықтыру; допты ашылған саусақтарымен қағып алу шеберліктерін (машықтарын) дамыту - Қолды еркін қозғап, жүргізуші мен бағытты өзгертіп, баяу қарқынмен жүгіруді үйрету. Қысқа секіртпемен секіруге үйретуді жалғастыру, қолдарымен секіртпені шеңбер бойымен және тік айналдыра білу іскерліктерін дамыту.

Жоспардың құрылу кезеңі: қараша айы 2024 жыл

Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Сөйлеуді дамыту	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Ана тіліндегі дауысты және айтылуы және дыбысталуы ұқсас дауыссыз, ж-ш, дыбыстарды дұрыс, анық айтуды үйрету. сөздегі дыбыстардың орнын анықтау (ортасы,). Артикуляциялық жаттығулар жасау. Сөздік қор. Алуан түрлі заттарды сипаттауға, қарым-қатынас жасауға қажетті сөздерді қолдану және түсіну, оларды сөйлегенде белсенді қолдану дағдыларын қалыптастыру. Тілдің грамматикалық құрылымы. Түбірлес сөздерді жасау және қолдана білу, Байланыстырып сөйлеу. Негізгі ойды дұрыс жеткізе білу, монологты байланыстырып құра білу, Шығармашылықпен сөйлеу әрекеті. бақылаулар мен суреттер бойынша сипаттау
Көркем әдебиет	Көркем әдебиет. Шығарма мазмұнын сюжеттің бірізділігін сақтай отырып, эмоциямен, қисынды қайталап айтып беру, диалогтік сөйлеуді дамыту,
Сауат ашу негіздері	Сауат ашу негіздері. Буын туралы ұғымдарды қалыптастыру, сөздерді буындарға бөлу, олардың саны мен ретін анықтау. Буындардан сөздер құрастыруға (ауызша) үйрету.
Математика негіздері	Жиын: жиынның бөліктен үлкен екенін, бөліктің жиыннан кіші екенін, Сан және санау: 0 ден 9 дейінгі цифрмен таныстыру Шама. заттарды шамасына қарай өсу және кему ретімен орналастыру Геометриялық фигуралар үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрыш мен денелерді шар, текше, цилиндр дұрыс атау Кенестік бағдарлау. жоғарыдан төменге, алға, артқа Уақытты бағдарлау. Айлар, жыл мезгілдері туралы түсініктерді қалыптастыру,
Қоршаған ортамен таныстыру	Бала, оның отбасы, үйі. Өзінің болашағына, біліміне, денсаулығына, қызметіне, жетістіктеріне сенімді болуға Заттық әлем, кеңістікті бағдарлау. Заттардың қандай материалдардан жасалғанын өз бетінше анықтау және талдау, Көлік, байланыс құралдары. ұялы телефон, смартфон, компьютер, теледидардың қолданылуын білу Еңбекке баулу. Шамасы келетін, бірлескен еңбек әрекетіне қатысуға, бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге, дербестік пен жауапкершілікке баулу Адамгершілік және патриоттық тәрбие. Өз құрдастарын тарта отырып, ұлттық ойындар ойнау, Қазақстан мемлекетінің рәміздеріне құрмет көрсету. Туған өлке, ел, Отан, мемлекеттік және халықтық мерекелер, еліміздің рәміздері, оның маңызы туралы білімдерін кеңейту.Қазақстан Республикасының Президенті, . Сөйлеуде белгілі бір заттың өзіне немесе басқа затқа қатысты орнын көрсете білуге үйрету.оның халық үшін атқаратын қызметінің маңыздылығын түсіну. Жол қозғалысы ережелері. жаяу жүргіншілер мен велосипедшілердің қозғалыс ережелерін сақтау. Табиғатпен таныстыру : өсімдік жапырақтары, сабақтарының қозғалуы, гүлдердің күн шыққанда жапырақтарының ашылуы және кешке жабылуы туралы түсінік беру. Жануарлар әлемі. жыл құстары мен қыстайтын құстарды ажырата білу, құстардың пайдасы туралы білу, оларға қамқорлық жасау.

Құрастыру	Ауызша сипаттау бойынша ұсынылған тақырыпқа, өз бетінше ойдан құрастыруға, құрдастарымен бірлесіп, шығармашылықпен құрастыруға баулу. Қағаздан құрастыру. Пішіндердің түрлі қалыптарын бере білуді, оларды күрделі емес композицияларға біріктіруді қалыптастыру. Өзінің құрастырған құрылысын талдау арқылы тиімді конструктивті шешімдерді табу, оларды құрастыруда қолдану. Қағаздан құрастыру әдістерін қолданып, жазық материалды көлемді пішінге өзгерте білуді бекіту. Дайын үлгілермен және қарапайым сызба бойынша жұмыс істеу, бейнені кескіні бойынша қию үшін қайшыны қолдану.
Сурет салу	Заттардың бейнесін өзіне тән ерекшеліктерімен салу, сюжеттерде қарапайым мағыналы байланыстарымен ондағы заттардың арасындағы кеңістіктік қатынастарды жеткізе білу. Түзу, ирек, жіңішке, жалпақ сызықтарды, түрлі көлемдегі дөңгелектерді, жақпаларды, нүктелерді ырғақты орналастыра отырып, қарапайым пішінді өрнектерді құрастыра білуді бекіту. Ұжымдық жұмыстарға, өз бетінше ойдан сурет салуға мүмкіндік беру
Мүсіндеу	Бақылаған заттың бейнесін бере білу, затты әртүрлі қалыптарда мүсіндеу, пішіннің бетін дымқыл шүберекпен тегістеу және кескішті пайдалану. Жануарлардың бейнесін, қол-аяқтардың қалпын дұрыс мүсіндеу. Заттардың ұзын және қысқа, жуан және жіңішке белгілерін көрсете білу, бөліктердің салыстырмалы көлемдерін сақтау, мүсінделген пішіндердің бөліктерін бір-біріне қосып, біріккен жерлерін тегістеу.
Жапсыру	Қайшыны қолдануды бекіту: жолақтардан тікбұрышты пішіндер, шаршылардан үшбұрышты пішіндер, шаршы немесе тікбұрыштың бұрыштарын қию арқылы дөңгелек және сопақша пішіндерді қиып алу. Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен (кілем, алаша, сырмақ, ши, көрпе, жастық), киіз үйдің жабдықтарымен (кереге, уық, шаңырақ, сықырлауық, басқұр) таныстыру, аталған заттардан қалауы бойынша қиып жапсыру, оларды ою-өрнектермен безендіру. Сюжеттік композициялар жасау, оларды сәнді бөлшектермен толықтыру, жеке және топпен бірлесіп жасау, онда міндеттерді келісіп атқару. Қайшы мен желімді дұрыс қолдану дағдыларын жетілдіру, еңбек қауіпсіздігі мен жеке гигиена ережелерін сақтау.
Қазақ тілі	- сөйлемдерді дауыс ырғағымен түрлендіріп айтуға жаттықтыру - апта күндерінің қазақша атауын дұрыс айту, есте сақтауға үйрету - жаңа сөздердегі қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айту, сөздік қорларын дамыту - отбасы мүшелерінің атын айтуға, сөз тіркестерін дұрыс қолдануға үйрету - тақпақ, мақал-мәтел жаттау. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету.
Музыка	- Музыкалық шығармаға өзінің қатынасын білдіру - Әннің сипатын қабылдау, дауысын дұрыс келтіріп орындау, ырғақтық бейнесі мен динамикасын дәл беру - Әннің шаттық көңілін көңілді жеткізіп, жеңіл, ширақ дауыспен шумақтардың соңын жұмсартып айту
Дене шынықтыру	- Заттар арасымен алақан мен тізеге таянып еңбектей алу шеберліктерін (машықтарын) бекіту. Шұңқырға секіру жаттығуларын орындату: орындықтан аяқты жартылай бүгіп секіре білу және тепе-теңдік сақтай білу шеберліктерін (машықтарын) бекіту. - Екі жаққа тартылған жіптің астымен қолды еденге тигізбей бір бүйірмен өту шеберліктерін (машықтарын) жетілдіру. Допты бастан асыра ұстап, екі қолмен бір-біріне лақтыруға жаттықтыру; допты ашылған саусақтарымен қағып алу шеберліктерін (машықтарын) дамыту

Жоспардың құрылу кезеңі: желтоқсан айы 2024 жыл

Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Сөйлеуді дамыту	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Ана тіліндегі дауысты және айтылуы және дыбысталуы ұқсас дауыссыз, 3-с, дыбыстарды дұрыс, анық айтуды үйрету. сөздегі дыбыстардың орнын анықтау (соңы). Артикуляциялық жаттығулар жасау. Сөздік қор. Зат есімдер мен жалпылаушы сөздерді дұрыс қолдана білуді дамыту. Тілдің грамматикалық құрылымы. Етістіктерді жалғаулармен қолдану Байланыстырып сөйлеу. Негізгі ойды дұрыс жеткізе білу, монологты байланыстырып құра білу, әңгімені бірізді айту, Шығармашылықпен сөйлеу әрекеті. бақылаулар мен суреттер бойынша сипаттау және хабарлау әңгімелерін құрастыру,
Көркем әдебиет	кейіпкерлерге және олардың әрекеттеріне өз көзқарасын білдіру. Әдеби кейіпкердің белгілі бір әрекетін өзінің қалай қабылдағаны туралы айту, кейіпкерлердің жасырын әрекетін түсіну. Өлеңді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айту.
Сауат ашу негіздері	Сөйлем туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру (грамматикалық анықтамасыз), сөйлем сөздерден тұратынын түсіну. Сөйлемді ауызша талдау: жай сөйлемдерді сөздерге бөлу, сөйлемдегі сөздердің ретін, санын анықтау. берілген сөзге сөйлем құрастыру.
Математика негіздері	Жиын: жиынның бөліктерін санау және элементтердің (заттардың) бір-біріне қатынасы негізінде салыстыру. Шама: Шамасы бойынша заттардың арасындағы қатынастарды білдіретін математикалық терминдерді қолдану. Геометриялық фигуралар. (шар, текше, цилиндр) дұрыс атап, оларды ажырата білуге жаттықтыру. Кеңестікті бағдарлау. Сөйлеуде белгілі бір заттың өзіне немесе басқа затқа қатысты орнын көрсете білуге үйрету. Уақытты бағдарлау. Айлар, жыл мезгілдері туралы түсініктерді қалыптастыру, олардың ретін білу және атау, циферблат бойынша уақытты анықтау.
Қоршаған ортамен таныстыру	Бала, оның отбасы, үйі. Туыстық байланыстарды түсіну (өз жұрты, атасы мен әжесі, жақын туыстары, нағашы жұрты), Заттық әлем, кеңістікті бағдарлау. Заттардың сапалары мен қасиеттерін сипаттау. Көлік, байланыс құралдары. , оларды қолдануда қауіпсіздікті сақтау. Еңбекке баулу. Топта тазалық сақтауға, ойыншықтарды сүртуге, табиғат бұрышындағы тіршілік иелеріне күтім жасауға, кезекшілік міндеттерін жауапкершілікпен атқаруға баулу. Адамгершілік және патриоттық тәрбие. Мемлекеттік мерекелердің (Жаңа жыл , Қазақстан Республикасының Конституциясы күні, Республика күні) ұлттық мереке (Тәуелсіздік күні) маңыздылығын түсіну, оларға белсенді қатысу . Қазақстан Республикасының бас қаласы – Астана, республикадағы қалалар мен ауылдардың атаулары, олардың көрікті жерлері, ауыл мен қала өмірінің ерекшеліктері туралы ұғымдарын байыту. Жол қозғалысы ережелері.

	«Балалар», «Трамвай аялдамасы» жол белгілерімен таныстыруды жалғастыру. Табиғатпен таныстыру : өсімдік жапырақтары , тамырдың суды сорып, сабағы арқылы су өткізіп, басқа бөліктерін қоректендіруі, түсінік беру. Жануарлар әлемі. Жануарлардың тірі тіршілік иесі екендігін бақылау және себеп-салдарлық байланыстарды ажырату: жануарлар қозғалады (жүреді, жүгіреді, секіреді, ұшады, қозғалады);
Құрастыру	Шығармашылық ойлауды және қиялды дамыту. Дайын үлгілермен және қарапайым сызба бойынша жұмыс істеу, бейнені кескіні бойынша қию үшін қайшыны қолдану. Табиғи, қалдық материалдардан құрастыру. Табиғи материалдарды дұрыс пайдалануға үйрету. Табиғи (ағаш, қағаз, тері, кенеп, мата,) және қалдық заттардан құрастыруға баулу. Ойынға қажетті құрылысты бірлесіп ойдан құрастыруға, алдағы жұмысты бірге жоспарлауға, бір-бірімен келісіп орындауға, дайын құрылыспен ойнауға мүмкіндік беру.
Сурет салу	Заттардың пішіндеріне, бөліктердің салыстырмалы өлшеміне және олардың орналасуына сүйене отырып, түстер мен олардың реңктерін беру. Қазақ ою-өрнектерінің сипатын, колоритін жеткізе отырып, көлемді пішіндерді бояу, парактың ортасын, бұрыштарын, жоғарғы, төменгі, оң және сол жақтарын ажырату, тік сызықтардың әртүрлі үйлесуімен құрылған қазақ ою-өрнегінің элементтерін салу. Қазақ халқының өмірін, еңбегін, тұрмысын көрсете отырып, қазақ ертегілерінің желісі бойынша сурет салу.
Мүсіндеу	Сазбалшық, ермексаз және пластикалық массадан мүсіндеудің ерекшеліктерін білу. Пішіндері мен өлшемі әртүрлі таныс заттарды: ойыншықтарды, ыдыстарды мүсіндеу, оларға тән ерекшеліктерді беру, қолдың және саусақтардың қимылдарын жетілдіру, қарапайым пропорцияларды сақтай отырып, адам мен жануардың пішіндерін мүсіндеу.
Жапсыру	Жапсырудың түрлі әдістері (симметриялы, сыңарлы симметриялы, сұлбалы) мен тәсілдерін (тура, қисық қию, ою, флористика элементтерін) қолдану, түрлі материалдардан (қағаз, мата, табиғи материалдар) жапсыру. Сюжеттік композициялар жасау, оларды сәнді бөлшектермен толықтыру, жеке және топпен бірлесіп жасау, онда міндеттерді келісіп атқару. Сюжеттік жапсыруда заттардың өлшеміне қарай арақатынасын, әртүрлі заттардың бөліктерінің пішінін, олардың құрылымын, пропорцияларын беру, әлеуметтік оқиғаларды, балалар өміріндегі оқиғаларды бейнелеу, шаблондармен, трафареттермен, дайын үлгілермен жұмыс істеу, композиция ережелеріне, перспективаға сәйкес бейнелерді құрастыру. Қайшы мен желімді дұрыс қолдану дағдыларын жетілдіру, еңбек қауіпсіздігі мен жеке гигиена ережелерін сақтау.
Қазақ тілі	- қазақ тіліндегі сөздері дұрыс айтуға және оларды қолдана білуге үйрету, достық туралы түсініктерін кеңейту. - сөздерді сөз тіркесімен айтуға, сөйлем құрауға жаттықтыру, - әртүрлі мамандық иелері туралы түсіндіру, адамдардың еңбектеріндегі өзара байланыстарды байқауға үйрету
Музыка	- Еліміздің рәміздерін қастерлей, бағалай білуге тәрбиелеу - Әннің ырғақтық бейнесі мен динамикасын дәл беру, әннің кіріспесін, басын, қайырмасын ажырату - Музыка сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындау: қол ұстасып шеңберде айтылатын әндермен шеңберді айналып жүру,
Дене шынықтыру	- Балалар арасындағы достық қарым-қатынасты орнатуға және ұжымның ұйымшыл болуына жағдай ау. - Допты оң және сол қолмен еденге кезекпен ұруды жаттықтыруға жалғастыру - Доппен орындалатын жаттығулардың маңызы туралы түсініктерін толықтыру және жалпы қозғалыстар туралы танымдық көзқарастарын дамыту

Жоспардың құрылу кезеңі : қаңтар айы 2025 жыл

Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Сөйлеуді дамыту	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Ана тіліндегі дауысты және айтылуы және дыбысталуы ұқсас дауыссыз, н-ң, дыбыстарды дұрыс, анық айтуды үйрету. сөздегі дыбыстардың орнын анықтау (басы, ортасы, соңы). Артикуляциялық жаттығулар жасау. Сөздік қор. Балаларға сөздерді мағынасына сәйкес қолдануға көмектесу. Тілдің грамматикалық құрылымы. Сөйлеу әдебін, жай және жайылма сөйлемдерді қолдану дағдыларын қалыптастыру. Байланыстырып сөйлеу. шағын логикалық және хабарлау сипатындағы әңгімелерді құрастыру. Шығармашылықпен сөйлеу әрекеті. өзара байланысты бірізді сюжет құрастыру, сюжетті суреттерді сипаттауда сөздерді дәл және дұрыс қолданады;
Көркем әдебиет	Көркем шығарманы рөлдерге бөліп, сахналау, рөлдерде кейіпкердің көңіл күйі мен мінезін, бейненің қимылын, интонациясы мен мимикасын беру, қойылымдағы өзінің рөлін мәнерлі дербес орындау.
Сауат ашу негіздері	Сөйлем туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру (грамматикалық анықтамасыз), сөйлем сөздерден тұратынын түсіну. Сөйлемді ауызша талдау: жай сөйлемдерді сөздерге бөлу, сөйлемдегі сөздердің ретін, санын анықтау. берілген сөзге сөйлем құрастыру.
Математика негіздері	Жиын: «Бір» сөзінің мағынасы, ол тек бір затты ғана емес, сондай-ақ жиынның бір бөлігі ретінде заттардың тобын білдіретінін түсіндіру. Сан және санау: «Қанша?», «Нешінші?» сұрақтарын ажырату, оларға дұрыс жауап беру. Шама. Заттарды әртүрлі белгілері бойынша (түсі, пішіні, өлшемі, материалы, қолданылуы) салыстыра білуге үйрету. Геометриялық фигуралар. Танымдық-зерттеушілік қызығушылықты, ойлауды, алдына қойылған міндетті шешуде не істеу, қалай істеу керек екенін түсінуге, Кеңестікті бағдарлау. Берілген бағытта, оны белгі бойынша өзгерте отырып, бағдарлауын қалыптастыру. Уақытты бағдарлау. Тәулік бөліктерінің ауысуын («кеше», «бүгін», «ертең»), оқиғалардың ретін («алдымен – содан кейін», «бұрын – кейінірек») анықтау.
Қоршаған ортамен таныстыру	Бала, оның отбасы, үйі.Еңбекқорлық пен жауапкершіліктің маңызын түсіну Заттық әлем, кеңестікті бағдарлау. Үй-жайларда, балабақша ауласында, жақын маңдағы шағын ауданда еркін бағдарлай білу. Көлік, байланыс құралдары. Ненің «дұрыс» немесе «дұрыс емес», «жақсы» немесе «жаман» екенін түсінуге және ажырата білуге үйрету. Еңбекке баулу. жоспарланған нәтижеге жетуге, өзі мен құрдастарының еңбегін бағалауға. Адамгершілік және патриоттық тәрбие. Тірі және өлі әсем табиғаты, көрнекі жерлері мен тарихи орындарының, мәдени табиғаттың, Қазақстанның мұрасының маңыздылығын түсіну. Жол қозғалысы ережелері. «Метро аялдамасы» жол белгілерімен таныстыруды жалғастыру. Табиғатпен таныстыру : Тірі және өлі табиғат, табиғат құбылыстары (өсімдік) арасындағы себеп-салдарлық байланыстарды бақылау және түсіну. Табиғатпен таныстыру :

	өсімдіктердің өсуі үшін ылғалдың, жарықтың, жылу мен тыңайтқыштың қажеттігі Жануарлар әлемі. қоректенеді (өсімдіктердің жапырақтары, сабағы, бұтақтары, қабығы, шырыны, тұқымдарымен, етпен, жәндіктермен);
Құрастыру	Құрылыс материалдарынан, конструктор бөлшектерінен құрастыру: ауызша сипаттау бойынша ұсынылған тақырыпқа, өз бетінше ойдан құрастыруға, құрдастарымен бірлесіп, шығармашылықпен құрастыруға баулу. Шығармашылық ойлауды және қиялды дамыту. Дайын үлгілермен және қарапайым сызба бойынша жұмыс істеу, бейнені кескіні бойынша қию үшін қайшыны қолдану. Ойынға қажетті құрылысты бірлесіп ойдан құрастыруға, алдағы жұмысты бірге жоспарлауға, бір-бірімен келісіп орындауға, дайын құрылыспен ойнауға мүмкіндік беру.
Сурет салу	Балалардың суретте қарапайым сюжеттерді: әлеуметтік оқиғаларды, қоршаған өмірдегі оқиғаларды, жеткізе білуін жетілдіру. Заттардың, ертегі кейіпкерлерінің бейнесін өзіне тән ерекшеліктерімен салу, сюжеттерде қарапайым мағыналы байланыстарымен ондағы заттардың арасындағы кеңістіктік қатынастарды жеткізе білу. Ұжыммен бірге жұмыс істеу, міндеттерді өзара келісіп орындау, салынған суретпен түрлі ойындар ойнау
Мүсіндеу	Біртекті заттардан сюжеттер құру, бірнеше пішінді бір тұғырға орналастыру, сюжеттерде пішіннің, қимылдың ерекшеліктерін жеткізе білу, кейіпкерлердің өзіне тән бөлшектерін мүсіндеу, композицияларды қосымша заттар мен элементтердің көмегімен көркемдеп жеткізу.
Жапсыру	Қайшыны қолдануды бекіту: жолақтардан тікбұрышты пішіндер, шаршылардан үшбұрышты пішіндер, шаршы немесе тікбұрыштың бұрыштарын қию арқылы дөңгелек және сопақша пішіндерді қиып алу. Жапсырудың түрлі әдістері (симметриялы, сыңарлы симметриялы, сұлбалы) мен тәсілдерін (тура, қисық қию, ою, флористика элементтерін) қолдану, түрлі материалдардан (қағаз, мата, табиғи материалдар) жапсыру. Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен (кілем, алаша, сырмақ, ши, көрпе, жастық), киіз үйдің жабдықтарымен (кереге, уық, шаңырақ, сықырлауық, басқұр) таныстыру, аталған заттардан қалауы бойынша қиып жапсыру, оларды ою-өрнектермен безендіру. Қайшы мен желімді дұрыс қолдану дағдыларын жетілдіру, еңбек қауіпсіздігі мен жеке гигиена ережелерін сақтау.
Қазақ тілі	- сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру, ретін сақтай отырып сөйлем құрауға жаттығуды жалғастыру - қарапайым сұрақтарға жай сөйлеммен жауап беру, артикуляциялық моторикасын жаттықтыру, сөйлеу кезіндегі тыныс алуды және дикцияны дамыту.
Музыка	- Әннің сипатын қабылдау, дауысын дұрыс келтіріп орындау - Ұлттық ойындардың көңілді сипатын бере білу, дауыс биіктіктерін ажыратып, үлкен шеңберден кіші шеңберге қайта тұру. - Музыкалық мәнерлілік құралдары мен сипатын егжей-тегжейлі ажырату қабілетін дамыту.
Дене шынықтыру	- Заттар арасымен (томаршалар) және заттарды аттап жүру және жүгіруді жалғастыру, жерде созылып жатқан арқан үстімен басқа зат қойып, тепе-теңдік сақтап жүруге жаттықтыру - Екі жақтан бір-біріне қарама-қарсы келіп, орындық ортасынан кері бұрылып қайтуды бекіту - Шұңқырға секіру: 30 см биік заттың үстінен белгіленген жерге дәл секіріп түсулерін бекіту - Балаларды шаңғымен жүрумен таныстыру, қозғалысқа дұрыс бастама болатын бастапқы қалыпқа дұрыс келуді үйрету - Шынтақтарын бүгіп, қысқа адыммен және бірқалыпты ырғақпен жүгіру шеберліктерін (машықтарын) жетілдіру. Еркін бағытта фитболдарды (доптарды) домалатуға жаттықтыру

Жоспардың құрылу кезеңі (айды, жылды көрсету) ақпан айы 2025 жыл

Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Сөйлеуді дамыту	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. сөздерге дыбыстық талдау жасай алады; Сөйлеуде интонациялық мәнерлілік құралдарын қолдану: дауыс қарқынын, Сөздік қор. Қазақ халқының салт-дәстүрлерімен таныстыруды жалғастыру, «Асар», дәстүрлерінің мәнін түсіндіру, Тілдің грамматикалық құрылымы. Интонациясы бойынша сөйлемдерді (хабарлы,)ажыратып, сөйлегенде қолдана білуді дамыту. Байланыстырып сөйлеу. Ойыншықтарды, заттарды, сипаттауда заттар мен нысандардың ерекшеліктерін білдіретін сөздерді дұрыс таңдау, Шығармашылықпен сөйлеу әрекеті. өзара байланысты бірізді сюжет құрастыру, сөйлегенде бейнелі сөздерді, қолдану.
Көркем әдебиет	Балалардың назарын кітаптың безендірілуіне, иллюстрацияларына аудару. Баланың басқа құрдастарымен және ересектермен түрлі дереккөздерден: ғаламтордан, теледидардан, жақындарының әңгімесінен алған ақпараттарымен, әсерлерімен бөлісуіне мүмкіндік беру. Балаларды қол жетімді көркем шығармалар мен фольклорға, театр әлеміне баулу, кітапқа деген қызығушылығын дамыту. Әдеби шығармаларды эмоционалды қабылдауына ықпал ету, олардың мазмұнын түсіну, себеп-салдарлық байланыстарды, жанрларды (ертегі, әңгіме, өлең) ажырату, тілдің көркемдігін сезіну (эпитеттер, сипаттамалар, образды сөздер), шығарма кейіпкерлерінің іс-әрекетін бағалау. диалогтік сөйлеуді дамыту, кейіпкерлерге және олардың әрекеттеріне өз көзқарасын білдіру. Өлеңді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айту. Көркем шығарманы рөлдерге бөліп, сахналау, рөлдерде кейіпкердің көңіл күйі мен мінезін, бейненің қимылын, интонациясы мен мимикасын беру, қойылымдағы өзінің рөлін мәнерлі дербес орындау.
Сауат ашу негіздері	Геометриялық фигуралардың, көгөністер, жеміс-жидектердің дайын суреттерінің сыртын шетке шығармай бастыру, бояу. Әртүрлі бағыттағы тігінен, көлденең, қысқа, ұзын, толқынды, ирек сызықтарды, нүктелерді, тамшы тәрізді пішіндерді олардың арасындағы арақашықтықты сақтап, алдымен үлгі бойынша жазуға мүмкіндік беру. Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау. Буын туралы ұғымдарды қалыптастыру, сөздерді буындарға бөлу, олардың саны мен ретін анықтау. Буындардан сөздер құрастыруға (ауызша) үйрету. Сөйлемді ауызша талдау: жай сөйлемдерді сөздерге бөлу, сөйлемдегі сөздердің ретін, санын анықтау. берілген сөзге сөйлем құрастыру.
Математика негіздері	Жиын: «Бір» сөзінің мағынасы, ол тек бір затты ғана емес, сондай-ақ жиынның бір бөлігі ретінде заттардың тобын білдіретінін түсіндіру. Сан және санау. 10 көлеміндегі сандарды салыстыру, Шама: Шартты өлшемнің көмегімен заттардың ұзындығын, Геометриялық фигуралар. қалай істеу керек екенін түсінуге, күрделі формадағы заттарды өз бетінше зерттеуге мүмкіндік беру, қоршаған ортадан геометриялық фигураларға ұқсас заттарды табу, Кеңестікті бағдарлау. Сөйлеуде белгілі бір заттың өзіне немесе басқа затқа қатысты орнын көрсете білуге үйрету.

	Уақытты бағдарлау. Заттар мен құбылыстардың математикалық мәнін тануға қызығушылық пен эмоционалды көзқарасты, ойлау мәдениетін қалыптастыру.
Қоршаған ортамен таныстыру	Бала, оның отбасы, үйі өзін-өзі құрметтеу, өз күші мен мүмкіндіктеріне деген сенімділікті арттыру. Заттық әлем, кеңістікті бағдарлау. Қоршаған ортада, табиғатта тәртіп ережелерін білу; Көлік, байланыс құралдары. Мобильді құрылғыларды қолдану кезінде қарапайым қауіпсіздік ережелерін білу (күніне ата-аналардың рұқсатымен 30 минуттан артық емес мобильді құрылғыларды қолдану). Еңбекке баулу. шығармашылық әрекеттерінің нәтижелерін бағалауға және құрметпен қарауға баулу Адамгершілік және патриоттық тәрбие. өзінің педагогтерін, үлкендерді сыйлауға, кішіге қамқор болуға баулу Жол қозғалысы ережелері. «Тройллебус аялдамасы» жол белгілерімен таныстыруды жалғастыру. Табиғатпен таныстыру : Тірі және өлі табиғат, табиғат құбылыстары (адам еңбегі) арасындағы себеп-салдарлық байланыстарды бақылау және түсіну. Табиғатпен таныстыру : өсімдіктердің өсуі үшін жылуды, суықты, күнді немесе бұлтты ауа-райын сезуі, Жануарлар әлемі. Жануарлар өседі және көбейеді, қоршаған ортаны көз, мұрын, тіл, құлақ, тері көмегімен сезе білу.
Құрастыру	Дербестікті, шығармашылықты, бастаманы қолдау. Ұжыммен сюжетті құрастыруға баулу. Шығармашылық ойлауды және қиялды дамыту. Табиғи, қалдық материалдардан құрастыру. Табиғи (жүн, жіп, қағаз, тері,) және қалдық заттардан құрастыруға баулу. Ойынға қажетті құрылысты бірлесіп ойдан құрастыруға, алдағы жұмысты бірге жоспарлауға, бір-бірімен келісіп орындауға, дайын құрылыспен ойнауға мүмкіндік беру.
Сурет салу	Тірі табиғат заттарының бейнелерін күрделі емес қимылдар мен қалыптар арқылы беру (өсімдіктер, жануарлар, құстар). Заттардың пішіндеріне, бөліктердің салыстырмалы өлшеміне және олардың орналасуына сүйене отырып, түстер мен олардың реңктерін беру, негізгі пішінді, заттар мен олардың бөліктерінің пропорцияларын мәнерлеп жеткізе білу, түстерді өз қалауы бойынша таңдау.
Мүсіндеу	Біртекті заттардан сюжеттер құру, бірнеше пішінді бір тұғырға орналастыру, сюжеттерде пішіннің, қимылдың ерекшеліктерін жеткізе білу, кейіпкерлердің өзіне тән бөлшектерін мүсіндеу, композицияларды қосымша заттар мен элементтердің көмегімен көркемдеп жеткізу.
Жапсыру	Жапсырудың түрлі әдістері (симметриялы, сыңарлы симметриялы, сұлбалы) мен тәсілдерін (тура, қисық қию, ою, флористика элементтерін) қолдану, түрлі материалдардан (қағаз, мата, табиғи материалдар) жапсыру. Сюжеттік композициялар жасау, оларды сәнді бөлшектермен толықтыру, жеке және топпен бірлесіп жасау, онда міндеттерді келісіп атқару. Сюжеттік жапсыруда заттардың өлшеміне қарай арақатынасын, әртүрлі заттардың бөліктерінің пішінін, олардың құрылымын, пропорцияларын беру, әлеуметтік оқиғаларды, балалар өміріндегі оқиғаларды бейнелеу. Қайшы мен желімді дұрыс қолдану дағдыларын жетілдіру, еңбек қауіпсіздігі мен жеке гигиена ережелерін сақтау.
Қазақ тілі	- алған білімдерін тиянақтау - - сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру, мақал-мәтел, жұмбақ жаттау дағдыларын қалыптастыру.
Музыка	- Музыканың ширақ сипатын жеңіл, ырғақты жүгіріспен беру - Музыка тыңдай отырып сол музыканың мағынасын ұғынуға үйрету - Бесік жыры арқылы балаларды имандылыққа тәрбиелеу

Дене шынықтыру	- Өмірге, қоршаған ортаға деген жағымды көзқарастарын қалыптастыру, айналаға және өзін қоршаған адамдарға қайырымды болуға тәрбиелеу - Қозғалыс міндеттерін шешуде қимыл-қозғалыстарын үйлестіре білу шеберліктерін (машықтарын) қалыптастыру - Сапта тұрып бір-екі санаққа санауға және сапта тұрып түзелуге үйрету. 30 см биік заттар арқылы кезекпен секіруге үйретуді жалғастыру.
----------------	---

Жоспардың құрылу кезеңі: наурыз айы 2025жыл

Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Сөйлеуді дамыту	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. сөздегі буындардың санын анықтайды; үш-төрт дыбыстан тұратын сөздерге дыбыстық талдау жасайды; логикалық үзіліс пен екпінді реттеу. Сөздік қор. Қазақ халқының салт-дәстүрлерімен таныстыруды жалғастыру, «Сүйінші сұрау» дәстүрлерінің мәнін түсіндіру Тілдің грамматикалық құрылымы. Интонациясы бойынша сөйлемдерді (сұраулы,) ажыратып, сөйлегенде қолдана білуді дамыту. Байланыстырып сөйлеу. Ойыншықтарды, заттарды, сюжеттік суреттер, табиғат құбылыстарын сипаттауда заттар мен нысандардың ерекшеліктерін білдіретін сөздерді дұрыс таңдау, сын есімдер мен үстеулерді қолдану. Байланыстырып сөйлеу. сюжеттік суреттер, заттар мен нысандардың ерекшеліктерін білдіретін сөздерді дұрыс таңдау, сын есімдерді қолдану. Шығармашылықпен сөйлеу әрекеті. сөйлегенде эпитеттерді, салыстыруларды қолдану.
Көркем әдебиет	Айналасында болып жатқан оқиғаларға өзінің көзқарасын білдіруге құлшынысын дамыту, сөйлегенде мақал-мәтелдерді қолдануға баулу. Айналасында болып жатқан оқиғаларға өзінің көзқарасын білдіруге құлшынысын дамыту, сөйлегенде мақал-мәтелдерді қолдануға баулу. Шешендікке, сөз өнеріне баулу, санамақ, жаңылтпаш айту, жұмбақ шешу, айтыс өнеріне баулу. Сахналық қойылымдарға қатысуға баулу, онда рөлді, сюжетті таңдауда бастамашылық пен дербестік танытуға ынталандыру, белгілі образды сомдауда эксперимент жасауға, түрлендіруге мүмкіндік беру. Өленді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айту
Сауат ашу негіздері	Геометриялық фигуралардың, көгөністер, жеміс-жидектердің дайын суреттерінің сыртын шетке шығармай бастыру, бояу. Әртүрлі бағыттағы тігінен, көлденең, қысқа, ұзын, толқынды, ирек сызықтарды, нүктелерді, тамшы тәрізді пішіндерді олардың арасындағы арақашықтықты сақтап, алдымен үлгі бойынша жазуға мүмкіндік беру. Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау. Буын туралы ұғымдарды қалыптастыру, сөздерді буындарға бөлу, олардың саны мен ретін анықтау. Буындардан сөздер құрастыруға (ауызша) үйрету. Сөйлемді ауызша талдау: жай сөйлемдерді сөздерге бөлу, сөйлемдегі сөздердің ретін, санын анықтау. берілген сөзге сөйлем құрастыру.
Математика негіздері	Жиын: «Бір» сөзінің мағынасы, ол тек бір затты ғана емес, сондай-ақ жиынның бір бөлігі ретінде заттардың тобын білдіретінін түсіндіру. Сан және санау. саны кем затқа бір зат қосу арқылы теңсіздіктен теңдік немесе саны көп заттан біреуін алып тастау арқылы теңдіктен теңсіздік шығару. Шама. Шартты өлшемнің көмегімен заттардың биіктігін өлшеу және осы өлшемдер бойынша бірнеше заттарды салыстыру. Геометриялық фигуралар: күрделі формадағы заттарды өз бетінше зерттеуге мүмкіндік беру, қоршаған ортадан геометриялық фигураларға ұқсас заттарды табу, олардың пішіндерін анықтау. Кеңістікті бағдарлау. Берілген бағытта, оны белгі бойынша өзгерте отырып, бағдарлауын қалыптастыру.

	Уақытты бағдарлау. заттар мен құбылыстардың математикалық мәнін тануға қызығушылық пен эмоционалды көзқарасты, ойлау мәдениетін, таным процесін ерікті реттеу, шыдамдылық, ұқыптылық, өзіне деген сенімділікті қалыптастыруға баулу.
Қоршаған ортамен таныстыру	Бала, оның отбасы, үйі Өзінің жеті атасын білу Заттық әлем, кеңістікті бағдарлау. өз өмірінің қауіпсіздігін сақтау (бейтаныс адамдармен сөйлеспеу, ойнамау, бөтен машиналарға отырмау, бейтаныс адамдардың өтініштерін орындамау, олардың соңынан ермеу). Көлік, байланыс құралдары. Балаларды жалпы қабылданған нормалар мен ережелерді саналы түрде орындауға баулуды жалғастыру Еңбекке баулу. кішілерге көмек көрсетуге, қажет болған жағдайда оларға жүгінуге баулу. Адамгершілік және патриоттық тәрбие. Мемлекеттік мерекелердің (Халықаралық әйелдер күні, Наурыз мейрамы) маңыздылығын түсіну, оларға белсенді қатысу. . Қазақ халқының киіз үйінің маңыздылығын, оның құрылысы мен ішкі жабдықтарын білу. Қазақ халқының салт-дәстүрлерін білу және құрметтеу, қазақ халқының құндылықтарына құрмет таныту. Жол қозғалысы ережелері.«Автобус аялдамасы» жол белгілерімен таныстыруды жалғастыру. Табиғатпен таныстыру : Балалардың зерттеу әрекеті үшін жағдай жасау, табиғатпен таныстыру барысында заттар мен құбылыстардың өзіне тән, сипаттамалық белгілерін бақылау, талдау, салыстыру, ажырату. Табиғатпен таныстыру : Өсімдіктерге қажеттіліктеріне сәйкес күтім жасау әдістерін білу: Жануарлар әлемі. Жануарларды әртүрлі белгілері бойынша: құстар, балықтар, жануарлар, аңдар, жәндіктер, мекендеу орны (орман, шалғын, су айдыны, бақша, бақ, алаң
Құрастыру	Қағаздан құрастыру. Қағаз цилиндрлерден қазақ халқының ұлттық бас киімдерін (тақия, сәукеле, кимешек) және ыдыстарын құрастыру, оларды жіппен, ою-өрнектермен безендіру. Дайын үлгілермен және қарапайым сызба бойынша жұмыс істеу, бейнені кескіні бойынша қию үшін қайшыны қолдану. Шығармашылық қиялды дамыту, көрнекілікке сүйене отырып, елестетуі, ойлауы бойынша қолдан бұйымдар жасай білу.
Сурет салу	Заттардың пішіндеріне, бөліктердің салыстырмалы өлшеміне және олардың орналасуына сүйене отырып, түстер мен олардың реңктерін беру, түстерді өз қалауы бойынша таңдау. Бояулармен жұмыс жасауды жетілдіру, қанық түстер алу үшін қарындашты түрліше басып бояу, бейнелеу, түсті қанық беру үшін қағаздың фонын таңдау және бояуларды үйлестіру. Қазақ ою-өрнектерінің түрлерін («түйетабан», «жауқазын»,) пайдалана отырып, оларды құрастыра білуін дамыту. Ұжымдық жұмыстарға, өз бетінше ойдан сурет салуға мүмкіндік беру.
Мүсіндеу	Пішіндері мен өлшемі әртүрлі таныс заттарды: ойыншықтарды, ыдыстарды мүсіндеу, қолдың және саусақтардың қимылдарын жетілдіру, қарапайым пропорцияларды сақтай отырып, адамның пішінін мүсіндеу.
Жапсыру	Қайшыны қолдануды бекіту: Қағаздан таныс немесе ойдан әртүрлі бейнелерді, қатпарланып бүктелген қағаздан бірдей бірнеше пішіндерді және екіге бүктелген қағаздан симметриялы пішіндегі заттарды қию. Жапсырудың түрлі әдістері (симметриялы, сыңарлы симметриялы, сұлбалы) мен тәсілдерін (тура, қисық қию, ою, флористика элементтерін) қолдану, түрлі материалдардан (қағаз, мата, табиғи материалдар) жапсыру. Қайшы мен желімді дұрыс қолдану дағдыларын жетілдіру, еңбек қауіпсіздігі мен жеке гигиена ережелерін сақтау.
Қазақ тілі	- ертегіні сахналау, диалогке қатысуға үйрету -Сөздерді бір-бірімен байланыстырып, сөйлем құрай білу, өз ойларын дұрыс

	жеткізе білу дағдыларын және сөйлеу мәдениетін дамыту. - Киімдерін меншіктеп айта алуға үйрету. Киімдерді жекеше және көпше түрде айта алуға үйрету
Музыка	* Музыкалық дыбысталуының сипаттамасына сүйене отырып, бейненің мазмұны мен музыкалық мәнерлілік элементтерімен байланыстыру - Әлемдегі ең асыл жан – анаға деген сүйіспеншіліктерін музыка арқылы жеткізе білуге үйрету
Дене шынықтыру	- Өз халқының мәдениетін құрметтеуге тәрбиелеу. Қозғалыс тәжірибесін эстафеталардың ережелерін сақтай отырып орындауда қолдана білуге баулу - Заттарды тік нысанаға лақтыруды үйрене түсу, иықтан жоғары алға қарай шұғыл шығарып, қолды айналдыра сермеп лақтыру дағдыларын дамыту - Қатар-қатар қойылған таяқтардан екі аяқтап аттап секіруге жаттығу, екі аяқты бірдей жазып барып итерілу арқылы құламай түсу, қол мен аяқтың қимылын үйлестіруді дамыту

Жоспардың құрылу кезеңі: Сәуір айы 2025 жыл

Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Сөйлеуді дамыту	санамақтар, тапқақтарды жатқа айтады; жұмбақтардың жауабын табады; балаларды бір-біріне көмек қолын созуға, бірлесіп, келісіп ойнауға, тапсырманы орындауға, бір-бірінің қуанышына ортақтаса білуге тапсырманы орындауға, бір-бірінің қуанышына ортақтаса білуге үйрету. Интонациясы бойынша сөйлемдерді (, лепті) ажыратып, сөйлегенде қолдана білуді дамыту. табиғат құбылыстарын сипаттауда заттар мен нысандардың ерекшеліктерін білдіретін сөздерді дұрыс таңдау, үстеулерді қолдану
Көркем әдебиет	Сахналық қойылымдарға қатысуға баулу, онда рөлді, сюжетті таңдауда бастамашылық пен дербестік танытуға ынталандыру Шығарма мазмұнын сюжеттің бірізділігін сақтай отырып, эмоциямен, қисынды қайталап айтып беру. диалогтік сөйлеуді дамыту, кейіпкерлерге және олардың әрекеттеріне өз көзқарасын білдіру. Әдеби кейіпкердің белгілі бір әрекетін өзінің қалай қабылдағаны туралы айту, кейіпкерлердің жасырын әрекетін түсіну . Өлеңді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айту. Көркем шығарманы рөлдерге бөліп, сахналау, рөлдерде кейіпкердің көңіл күйі мен мінезін, бейненің қимылын, интонациясы мен мимикасын беру, қойылымдағы өзінің рөлін мәнерлі дербес орындау. Өлеңді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айту
Сауат ашу негіздері	Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау, Әрбір сөздің мағынасы болатыны туралы түсінік қалыптастыру, сөздің мағынасына қызығушылыққа баулу. Буын туралы ұғымдарды қалыптастыру, сөздерді буындарға бөлу, олардың саны мен ретін анықтау. Буындардан сөздер құрастыруға (ауызша) үйрету. Сөйлем туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру (грамматикалық анықтамасыз), сөйлем сөздерден тұратынын түсіну Сөйлемді ауызша талдау: жай сөйлемдерді сөздерге бөлу, сөйлемдегі сөздердің ретін, санын анықтау. берілген сөзге сөйлем құрастыру. Өртүрлі бағыттағы тігінен, көлденең, қысқа, ұзын, толқынды, ирек сызықтарды, нүктелерді, тамшы тәрізді пішіндерді олардың арасындағы арақашықтықты сақтап, алдымен үлгі бойынша және кейіннен өз бетінше жазуға мүмкіндік беру.
Математика негіздері	Жиын. «Бір» сөзінің мағынасы, ол тек бір затты ғана емес, сондай ақ жиынның бір бөлігі ретінде заттардың тобын білдіретін түсіндіру. Сан және санау. Заттардың саны олардың көлеміне, арасындағы қашықтыққа, пішінге, орналасуына, сондай-ақ санау бағытына байланысты емес екенін түсіндіру. Шама. Беттестіру, тұрастыру және жұппен салыстыру тәсілдерін қолдана отырып, заттарды салыстыру, Геометриялық фигуралар. Пішіннің бір формасынан екіншісін қалай жасау керектігі туралы ұғымдарды дамыту, қағаз парағын тең және тең емес бөліктерге бөлу. Кеңестікті бағдарлау. Берілген бағытта, оны белгі бойынша өзгерте отырып, бағдарлауын қалыптастыру.

	Уақытты бағдарлау. Заттар мен құбылыстардың математикалық мәнін тануға қызығушылық пен эмоционалды көзқарасты, ойлау мәдениетін, таным процесін ерікті реттеу, шыдамдылық, ұқыптылық, өзіне деген сенімділікті қалыптастыруға баулу.
Қоршаған ортамен таныстыру	Бала, оның отбасы, үйі болашақта мектепте оқуға ынтасын арттыру, жаңаны тануға, өз өміріне қажетті дағдыларды игеруге ықпал ету Заттық әлем, кеңістікті бағдарлау. Қоғамдық орындарда мінез-құлық ережелері туралы; үйдегі. Көлік, байланыс құралдары. Ережелер барлығына жақсы болуы (қарапайым, жайлы, қауіпсіз) үшін жасалатынын балалардың түсінуі маңызды. Еңбекке баулу. Айналадағы заттар, адамның еңбегімен жасалғанын түсіну және оларға ұқыпты қарау. Адамгершілік және патриоттық тәрбие. Қазақстанның тұңғыш ғарышкерлері Тоқтар Әубәкіров, Талғат Мұсабаевті білу, оларды құрметтеу. Мемлекеттік мерекелердің (Қазақстан халқының бірлігі мерекесі, Отан қорғаушы күні, Жеңіс күні, Астана күні) маңыздылығын түсіну, оларға белсенді қатысу. Жол қозғалысы ережелері. Велосипедке арналған жол, жол белгілерімен таныстыруды жалғастыру. Табиғатпен таныстыру: Адам өмірі үшін судың, құмның, саздың, тастардың маңызын түсіну. Табиғатпен таныстыру: Өсімдіктерге қажеттіліктеріне сәйкес оларды суару, түбін қопсыту, жапырақтың шаңын сүрту. Жануарлар әлемі. Жануарларды әртүрлі белгілері бойынша: құстар, балықтар, жануарлар, аңдар, жәндіктер, мекендеу орны (орман, шалғын, су айдыны, бақша, бақ, алаң); қозғалу тәсілі (жүгіру, ұшу, секіру, жүзу); табиғи-климаттық аймақтар (ақ аю, итбалық, пингвин, жираф, піл, маймыл) бойынша топтастыру.
Құрастыру	Шығармашылық ойлауды және қиялды дамыту. Қағаздан құрастыру әдістерін қолданып, жазық материалды көлемді пішінге өзгерте білуді бекіту. Дайын үлгілермен және қарапайым сызба бойынша жұмыс істеу, бейнені кескіні бойынша қию үшін қайшыны қолдану. Табиғи, қалдық материалдардан құрастыру. Табиғи материалдарды дұрыс пайдалануға үйрету. Табиғи және қалдық материалдармен жұмыс жасау кезінде өзінің әрекетін жоспарлау дағдыларын жетілдіру, дербестік пен шығармашылық танытып, мақсатты түрде жұмыс жасай білу.
Сурет салу	Заттардың пішіндеріне, бөліктердің салыстырмалы өлшеміне және олардың орналасуына сүйене отырып, түстер мен олардың реңктерін беру. Біртекті заттардан сюжеттер құру, бірнеше пішінді бір тұғырға орналастыру, Суретті қарапайым қаламның көмегімен жеңіл ырғақпен үстінен қатты баспай бейненің сұлбасын салу, бірнеше заттардың өлшеміндегі айырмашылықтарды беру, геометриялық пішіндегі заттарды салу.
Мүсіндеу	Бақылаған заттың бейнесін бере білу, затты әртүрлі қалыптарда мүсіндеу, пішіннің бетін дымқыл шүберекпен тегістеу және кескішті пайдалану. Шынайы бейнесіне қарап және ойдан пішіндері мен өлшемі әртүрлі таныс заттарды мүсіндеу, оларға тән ерекшеліктерді беру, қолдың және саусақтардың қимылдарын жетілдіру, қарапайым пропорцияларды сақтай отырып, адам мен жануардың пішіндерін мүсіндеу.

Жапсыру	Қайшыны қолдануды бекіту, Жапсырудың түрлі әдістері (симметриялы, сыңарлы симметриялы, сұлбалы) мен тәсілдерін (тура, қисық қию, ою, флористика элементтерін) қолдану, түрлі материалдардан (қағаз, мата, табиғи материалдар) жапсыру. Қайшы мен желімді дұрыс қолдану дағдыларын жетілдіру, еңбек қауіпсіздігі мен жеке гигиена ережелерін сақтау.
Қазақ тілі	- Қозғалыс әрекеттерінің тиімділігін арттыруға жағдай жасау. Допты себетке дұрыс лақтыруға, бастапқы қалыпқа тұруға, аяқты жазып барып доп лақтыруға дағдыландыру. - Қозғалу және естіп есте сақтауды қалыптастыруды жалғастыру. Сенсомоторлық үйлесімділікті дамыту - Қимыл әрекеттердің еркін орындалуын, себетке допты аяқты бүгіп, жаза келе дәлдеп лақтыруды, бастапқы қалыпқа дұрыс келе білуді үйрету
Музыка	- Музыкалық мәнерлілік құралдары мен сипатын егжей-тегжейлі ажырату қабілетін дамыт - Ұлттық билердің элементтерін орындау, музыка сипатын би қимылдарында беру. - Жаңалықты, жақсылықты музыка тілімен сезінуді үйрету
Дене шынықтыру	- дене мүшелерінің атқаратын қызметін айта алуға үйрету - заттың атын, қимылын білдіретін сөздердің мағынасын түсіну және ауызекі тілде қолдануды дағдыландыру - өз іс-әрекеттерін айта алуға үйрету. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету

Жоспардың құрылу кезеңі: Мамыр айы 2025 жыл

Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Сөйлеуді дамыту	Сөйлегенде көп мағыналы сөздерді, синонимдер мен антонимдерді қолдану, белгілі бір затқа белгілерді, әрекеттерді және берілген әрекетке заттарды таңдай білу. Түбірлес сөздерді жасау және қолдана білу, етістіктерді жалғаулармен қолдану, сөйлеу әдебін, жай және жайылма сөйлемдерді қолдану дағдыларын қалыптастыру. Интонациясы бойынша сөйлемдерді (хабарлы, сұраулы, лепті) ажыратып, сөйлегенде қолдана білуді дамыту. Негізгі ойды дұрыс жеткізе білу, монологты байланыстырып құра білу, әңгімені бірізді айту, шағын логикалық және хабарлау сипатындағы әңгімелерді құрастыру. Ойыншықтарды, заттарды, сюжеттік суреттер, табиғат құбылыстарын сипаттауда заттар мен нысандардың ерекшеліктерін білдіретін сөздерді дұрыс таңдау, сын есімдер мен үстеулерді қолдану. Шығармашылықпен әңгімелеп беруді жетілдіру: ересектердің көмегімен әңгіменің жалғасын және соңын ойдан шығару, бақылаулар мен суреттер бойынша сипаттау және хабарлау әңгімелерін құрастыру. өзара байланысты бірізді сюжет құрастыру, сөйлегенде бейнелі сөздерді, эпитеттерді, салыстыруларды қолдану.
Көркем әдебиет	Сахналық қойылымдарға қатысуға баулу, онда рөлді, сюжетті таңдауда бастамашылық пен дербестік танытуға ынталандыру, белгілі образды сомдауда эксперимент жасауға, түрлендіруге мүмкіндік беру. Өлеңді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айту. Көркем шығарманы рөлдерге бөліп, сахналау, рөлдерде кейіпкердің көңіл күйі мен мінезін, бейненің қимылын, интонациясы мен мимикасын беру, қойылымдағы өзінің рөлін мәнерлі дербес орындау. Балалардың назарын кітаптың безендірілуіне, иллюстрацияларына аудару. Баланың басқа құрдастарымен және ересектермен түрлі дереккөздерден: ғаламтордан, теледидардан, жақындарының әңгімесінен алған ақпараттарымен, әсерлерімен бөлісуіне мүмкіндік беру. Айналасында болып жатқан оқиғаларға өзінің көзқарасын білдіруге құлшынысын дамыту, сөйлегенде мақал-мәтелдерді қолдануға баулу. Шешендікке, сөз өнеріне баулу. жұмбақ шешу, айтыс өнеріне баулу
Сауат ашу негіздері	Әрбір сөздің мағынасы болатыны туралы түсінік қалыптастыру, сөздің мағынасына қызығушылыққа баулу. Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау. Буын туралы ұғымдарды қалыптастыру, сөздерді буындарға бөлу, олардың саны мен ретін анықтау. Буындардан сөздер құрастыруға (ауызша) үйрету Сөйлем туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру (грамматикалық анықтамасыз), сөйлем сөздерден тұратынын түсіну. Сөйлемді ауызша талдау: жай сөйлемдерді сөздерге бөлу, сөйлемдегі сөздердің ретін, санын анықтау. берілген сөзге сөйлем құрастыру. Әрбір сөздің мағынасы болатыны туралы түсінік қалыптастыру, сөздің мағынасына қызығушылыққа баулу. Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау. Жазуды көзбен қадағалай отырып, қаламды немесе қарындашты дұрыс, еркін ұстап, үстінен қатты қысып күш түсірмей, саусақтармен біркелкі жоғарыдан төменге, солдан оңға қимылдарды орындап, сызықтарды үзбей салу. Сөйлем туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру (грамматикалық анықтамасыз), сөйлем сөздерден тұратынын түсіну
Математика негіздері	Жиын: «Бір» сөзінің мағынасы, ол тек бір затты ғана емес, сондай-ақ жиынның бір бөлігі ретінде заттардың тобын білдіретінін түсіндіру. Сан және санау: Заттардың саны олардың көлеміне, арасындағы қашықтыққа, пішінге, орналасуына, сондай-ақ санау бағытына байланысты емес екенін түсіндіру. Шама. Беттестіру, тұстастыру және жұппен салыстыру тәсілдерін қолдана

	отырып, заттарды салыстыру, заттар тобынан 2-3 белгілері бойынша сәйкес келмейтін затты бөліп алу. Геометриялық фигуралар. қағаз парағын тең және тең емес бөліктерге бөлу, бүтін мен бөлікті салыстыру, 8-10 бөліктерден пішіндерді жинап, құрастыру. Кеңестікті бағдарлау. Берілген бағытта, оны белгі бойынша өзгерте отырып, бағдарлауын қалыптастыру. Қағаз парағын бағдарлай білуді бекіту. Уақытты бағдарлау. Нүктелерді, өрнектерді салуға, тік және көлбеу таяқшаларды, қисық және қиғаш сызықтарды дәптердің тор көзінде сызуға үйрету.
Қоршаған ортамен таныстыру	Бала, оның отбасы, қоғамға пайдасын тигізуге баулу. Заттық әлем, кеңістікті бағдарлау. балабақша тобындағы міндеттері туралы түсініктерін кеңейту Көлік, байланыс құралдары. Егер белгілі бір ережелер сақталмаған жағдайда не болатынын балалармен талқылау. Еңбекке баулу. Ойыншықтарға ұқыпты қарау. Адамгершілік және патриоттық тәрбие. Өз Отанын жақсы көру, оны қорғаудың, Қазақстан әскерінің маңыздылығын түсіну. Ұлы Отан соғысы жылдарында Отанын қорғаған қазақстандық жауынгерлердің - Кеңес Одағының батырлары Бауыржан Момышұлының, Әлия Молдағұлованың, Мәншүк Мәметованың, Халық қаһарманы Рахымжан Қошқарбаевтың ерліктері туралы білу, оларды құрметтеу. Жол қозғалысы ережелері. «Жаяу жүргіншілер жолы», жол белгілерімен таныстыруды жалғастыру. Табиғатпен таныстыру Адам өмірі үшін , күн, ай сәулесінің, маңызын түсіну. Табиғатпен таныстыру : Нанға ұқыпты қарауға, бидайды өсіруге және өндіруге қатысатын адамдардың еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу.
Құрастыру	Құрылыс материалдарынан, конструктор бөлшектерінен құрастыру: ауызша сипаттау бойынша ұсынылған тақырыпқа, өз бетінше ойдан құрастыруға, құрдастарымен бірлесіп, шығармашылықпен құрастыруға баулу. Құрастырылған құрылысы мен құрылыстың шынайы бейнесі арасында байланыс орнату. Ойынға қажетті құрылысты бірлесіп ойдан құрастыруға, алдағы жұмысты бірге жоспарлауға, бір-бірімен келісіп орындауға, дайын құрылыспен ойнауға мүмкіндік беру.
Сурет салу	Бейнелеу әдістерін (штрихтар, бояуларды араластырып, кляксография, жіппен) қолдану. Түзу, ирек, жіңішке, жалпақ сызықтарды, түрлі көлемдегі дөңгелектерді, жақпаларды, нүктелерді ырғақты орналастыра отырып, қарапайым пішінді өрнектерді құрастыра білуді бекіту. Қазақ ою-өрнектерін «жұлдызгүл», «құсқанаты», «құстұмсық», түрлерін пайдалана отырып, оларды құрастыра білуін дамыту. Біртекті заттардан сюжеттер құру, бірнеше пішінді бір тұғырға орналастыру, сюжеттерде пішіннің, кимылдың ерекшеліктерін жеткізе білу, кейіпкерлердің өзіне тән бөлшектерін мүсіндеу, композицияларды қосымша заттар мен элементтердің көмегімен көркемдеп жеткізу.
Мүсіндеу	Сазбалшық, ермексаз және пластикалық массадан мүсіндеудің ерекшеліктерін білу. Ойдан өз бетінше мүсіндеуге, ұжымдық жұмыстарды орындауға баулу. Мүсіндеген заттарымен түрлі ойындар ойнау. Жұмысты ұқыпты орындау, заттарды жинау, қауіпсіздік ережелерін сақтау Бақылаған заттың бейнесін бере білу, затты әртүрлі қалыптарда мүсіндеу, пішіннің бетін дымқыл шүберекпен тегістеу және кескішті пайдалану.
Жапсыру	Қағаздан таныс немесе ойдан әртүрлі бейнелерді, қатпарланып бүктелген қағаздан бірдей бірнеше пішіндерді және екіге бүктелген қағаздан симметриялы пішіндегі заттарды қию. Сюжеттік композициялар жасау, оларды сәнді

	бөлшектермен толықтыру, жеке және топпен бірлесіп жасау, онда міндеттерді келісіп атқару. Сюжеттік жапсыруда заттардың өлшеміне қарай арақатынасын, әртүрлі заттардың бөліктерінің пішінін, олардың құрылымын, пропорцияларын беру, әлеуметтік оқиғаларды, балалар өміріндегі оқиғаларды бейнелеу, шаблондармен, трафареттермен, дайын үлгілермен жұмыс істеу, композиция ережелеріне, перспективаға сәйкес бейнелерді құрастыру. Қайшы мен желімді дұрыс қолдану дағдыларын жетілдіру, еңбек қауіпсіздігі мен жеке гигиена ережелерін сақтау.
Қазақ тілі	- ертегі кейіпкерлерінің іс-қимылын салуға, олардың сөзін дауыс мәнерімен келтіріп, диалогке қатыса білуге үйрету - сөздік қорларын үй құстарының атауларымен толықтыру. - : жабайы жануарлардың қазақша атауларымен таныстыру. - ертегі арқылы сынын, қимылын білдіретін сөздердің мағынасын түсіну және ауызекі тілде қолдануды дағдыландыру - көктем мезгіліне байланысты сөздерді қазақша айтуға үйрету
Музыка	- Музыкалық дыбысталуының сипаттамасына сүйене отырып, бейненің мазмұны мен музыкалық мәнерлілік элементтерімен байланыстыру - Жеңіл әуендерді ансамбльмен балаларға арналған музыкалық аспаптарда фортепианоның сүйемелдеуімен, уақытында қосылып айту - Музыкалық ойын арқылы балаларды жылдамдыққа, ептілікке үйрету
Дене шынықтыру	- Қимыл әрекеттерді еркін орындауға, қалашықты ұратын таяқтың жер бауырлап ұшуына екпін беруге үйрету. Допты бір-біріне басынан асырып лақтыру - Қимыл әрекеттерді еркін орындау дағдыларын айналмалы жаттығулар арқылы дамыту - Шапшаң әрекет ету мен зейіндерін дамыту. Модульдерде тұрып тепе-теңдік сақтау мен өз денесін еркін басқаруын қалыптастыру